

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия Үкіметінің арасындағы
Экономикалық және сауда ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 шілдедегі N 1181

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылы 7 мамырда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия Үкіметінің арасындағы Экономикалық және сауда ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселе бойынша қабылдаған шешімі туралы Австралия Тарапына хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия
Үкіметі арасындағы Экономика және сауда
ынтымақтастығы туралы
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия Үкіметі /бұдан
былай "Тараптар" деп аталатын/,
екі ел арасындағы өзара тиімді сауда және экономика
ынтымақтастығын одан әрі дамытуға және ұлғайтуға жәрдемдесу тілегін
білдіре отырып,
халықаралық құқықтар мен міндеттемелерге өздерінің адалдығын
растай отырып,
мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар өз елдерінің заңдары мен ережелеріне сәйкес өзара тиімді сауданы

тұрақты әрі үзіліссіз ұлғайтуға жету мақсатымен экспорттың дәстүрлі де болуы ықтимал да түрлеріне қатысты өз елдері арасындағы сауданы нығайту мен жан-жақты дамытуға жәрдемдесетін қажетті шаралардың бәрін қолданады.

2 - б а п

1. 1-бапта көрсетілген мақсаттарға жету үшін Тараптар:

а) екі елдің тиісті кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы коммерциялық келісім-шарттар жөнінде келіссөздерді;

б) екі елдің тиісті кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы өнеркәсіптік және техникалық ынтымақтастықты дамытуды;

в) екі ел арасында ауыл шаруашылық және агроөнеркәсіп секторларының өкілдерін қоса алғанда, өзара коммерциялық, техникалық және оқытушы өкілдерін, топтар мен делегациялар алмасуды;

г) сауда мен технология саласында екінші Тараптың кәсіпорындары мен ұйымдары әр елде өткізетін сауда жәрменкелерін, сауда көрмелерін және басқа да шараларды ұйымдастыруды және оларға қатысуды көтермелейді және жәрдемдесетін болады.

2. 2-бапта көрсетілген қызметке жәрдемдесу және оны жеңілдету мақсатында Тараптар өз коммерциялық қатынастарында интеллектуальдық меншікті қорғауға тиісінше көңіл бөлгені үшін заңды және жеке тұлғаларды көтермелеп отырады.

3 - б а п

Тараптар тауарлардың импортталуына орай енгізілген кедендік салық салуға, ішкі салықтарға немесе басқа қаржы алымдарына, кедендік немесе басқа да формальдылықтарға, импорттық және экспорттық лицензияларға байланысты ережелер мен рәсімдерге және шетелдік валюта айналысына байланысты басқа да ережелерге қатысты барлық салаларда бір-біріне барынша қолайлы режим жасайды.

4 - б а п

3-баптың ережелері жеңілдіктердің тағайындалған жүйесіне байланысты немесе еркін сауда аймақтарын немесе кедендік одақты құратын немесе оларды құруға бағытталған кез келген басқа келісімге сәйкес, сондай-ақ шекарадан өту рәсімін жеңілдету жөнінде басқа елдермен жасалған келісімдерге сәйкес әр Тараппен келісілген жеңілдіктер мен артықшылықтарға қолданылмайды.

5 - б а п

Әр Тарап өз елінің қолданылып жүрген заңдары мен ережелеріне сәйкес жәрмеңкелер мен көрмелерге әкелінген тауарларды, сондай-ақ жарнамалық мақсаттармен бір елден екінші елге импортталған тауарлардың үлгілерін импорттық баж салықтары мен тауар салықтарынан босатады. Мұндай тауарлар мен үлгілер осы елдің құзыретті өкімет орындарының алдын ала берген келісімінсіз әкелінген және ондайлар болған жағдайда, импорттау жөніндегі тиісті алымдар төленбесе осы елде иелік құқығын жоғалтпауға тиіс.

6 - б а п

Қазақстан Республикасы мен Австралия арасында сауда барысындағы барлық есеп айырысулар, белгіленген кезеңде екі елде қолданылып жүрген шетелдік валюта айналымының ережелеріне толық сәйкес өзара қолайлы өтімді валютада жүзеге асырылады. Бұл ереже қазақстандық немесе австралиялық заңды және жеке тұлғалар арасындағы есеп айырысулар жөнінде басқа да уағдаластықтар орнату мүмкіндігін өзара келісімге сәйкес жоққа шығармайды.

7-бап

1. Тараптар тиісті елдердің коммерциялық кәсіпорындары арасындағы коммерциялық келісім-шарттардан туындайтын дауларды шешу үшін, төрелік сотты қоса алғанда, дауларды шешудің балама процедураларын қолдануды өз заңдарына сәйкес көтермелеп отырады.

2. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген даулар достас консультациялар мен келіссөздер арқылы кідіріссіз шешіледі.

8-бап

Тараптар екі жақты сауда, инвестициялық және коммерциялық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу үшін тығыз әрі сындарлы диалогты көтермелеуге және өрістетуге келісті. Осы мақсатпен Тараптар:

(а) екі ел сауда өкілдіктерінің Үкіметпен және іскер топтармен тиісті байланыстарын жүзеге асыруды;

(б) екі жақты сауда қатынастарын дамыту мен тереңдетуді талқылау үшін және екі ел арасындағы ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп секторларын қоса алғанда сауда қатынастарын дамыту кезінде пайда болуы мүмкін кез келген проблемалардың шешімін іздестіру үшін, бірлескен комиссияның мәжілістерін қоса алғанда, үкіметтердің мерзімді кездесулерін өткізуді көтермелер және жәрдемдесіп отырады.

9-бап

Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі процедуралардың орындалғаны туралы бір-бірін ноталар алмасу арқылы хабардар еткеннен кейін күшіне енеді. Келісім 5 жыл мерзімге жасалып отыр және егер Тараптардың бірі Келісімнің әрекетін тоқтатқысы

келетін ниеті туралы 90 күн бұрын екінші Тарапқа жазбаша мәлімдемесе, онда ол ары қарай да қолданыста бола береді.

10-бап

Осы Келісімге түзетулер енгізілуі немесе оның қызметінің тоқтатылуы Тараптардың кәсіпорындары арасында бұрын жасалған келісім-шарттарға әсер етпейді.

Осыны куәландыру үшін,
өз Үкіметтерінен тиісінше өкілеттік алған төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

1997 жылы 7 мамырда әрқайсысы қазақ және ағылшын тілдерінде екі дана болып жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Австралия
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК